

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 16 маусымдағы N 2336

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
екі ай мерзім ішінде мемлекеттік кәсіпорындарды тәртібі туралы Ережені әзірлесін;
1996 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін бекітсін;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлықпен сәйкес келтірсін;
Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволары мен мемлекеттік комитеттерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарау мен күшін жоюды қамтамасыз етсін.
2. Жергілікті әкімдер 1996 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесін бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті